

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби



Актуальные проблемы высшей
школы

Сборник материалов
научно-методической конференции
(28 ноября 2016 года)

Алматы, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

Айдарбаев С.Ж., Даркенбаев А.И.

ОСОБЫЙ СТАТУС ВУЗОВ: ВИДЕНИЕ МОН РК И ВЗГЛЯД СО
СТОРОНЫ.....6

Айдарбаев С.Ж., Жекенов Д. К.

НОВЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ПРИЗНАНИИ И НОСТРИФИКАЦИИ
ДОКУМЕНТОВ ОБ ОБРАЗОВАНИИ В КАЗАХСТАНЕ.....9

Алтаева К.Ж.

ВЗАИМНОЕ ПОСЕЩЕНИЕ ЗАНЯТИЙ КАК ФАКТОР ГАРАНТИИ
КАЧЕСТВА ПРОВОДИМЫХ ЗАНЯТИЙ.....12

Әпенев Серік Мейрамұлы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
СТУДЕНТТЕРГЕ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ШЕТ
ЕЛДЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҚҰҚЫҒЫ» ПӘНІН
ОҚЫТУДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ҚАМТУДЫҢ
ӘДІСТЕМЕСІ.....13

Баймағамбетова З.М.

АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ ОБУЧАЮЩИХСЯ.....16

Бимағамбетова Ж.Т., Жубанова К.Х.

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ЧЕРЕЗ ЧТЕНИЕ И
ПИСЬМО.....18

Досымбекова М.С., Токтыбеков Т.А.

ӘКІМШІЛІК РЕФОРМА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ
БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ
(ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ МАМАНДЫҒЫНА АРНАЛҒАН).....21

Ерджанов Т.К.

К ВОПРОСУ ОБ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОМЕЖУТОЧНОГО И
ИТОГОВОГО КОНТРОЛЯ УСПЕВАЕМОСТИ СТУДЕНТОВ
ЮРИДИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ.....25

| | |
|---|----|
| Жайлау Ж. | |
| ЗАМ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР..... | 27 |
| Жетібаев Н.С. | |
| ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ..... | 28 |
| Жүнісов Ж.С. | |
| ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ | 29 |
| Нысанбекова Л.Б. | |
| ПРИМЕНЕНИЕ СИТУАЦИОННЫХ ЗАДАЧ КАК ОСНОВА ЗАКРЕПЛЕНИЯ ТЕМЫ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «МЕЖДУНАРОДНОЕ ЧАСТНОЕ ПРАВО»..... | 32 |
| Өміржанов Е.Т. | |
| СЕМИНАР САБАҚТАРЫНДА ТОПТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫНЫҢ ҚАТЫСУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 33 |
| Сайрамбаева Ж.Т. | |
| ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ В ВУЗЕ..... | 36 |
| Самалдыков М.К. | |
| ПРИНЦИПЫ ПОСТРОЕНИЯ КУРСА «МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ УГОЛОВНОГО ПРАВОСУДИЯ» И ВОПРОСЫ MIDTERM EXAM..... | 39 |
| Сарбаева Р.Е. | |
| ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ НЕОТЪЕМЛЕМЫЙ КОМПОНЕНТ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ ВЫПУСКНИКА СОВРЕМЕННОГО ВУЗА ИННОВАЦИОННОГО ТИПА..... | 43 |

таңдау кезінде болашақ мамандықты танып білу үшін университет оқушыларға білім алу курстары арқылы, арнайы пәндер арқылы танысу мүмкіндіктерін береді.

Осы кезеңнен кейін дайындық сапасы мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін көтеру ары қарайғы әлеуметтік серіктестіктермен кең мүмкіндіктерді пайдалану арқылы және басқа оқу орындары мен жұмыс берушілермен қарым-қатынас жасау арқылы жүргізіледі.

Осы әлеуметтік байланыстың университеттік консорциумы университеттің өндірістік ұйымдармен қарым-қатынас жасауына, оқушылардың тәжірибе өту базаларын кеңейтуге, студенттік бизнес-инкубаторлар жасауына, студенттер және жұмыс берушілер арасында ғылыми-инновациялық жобалар мен конференциялар өткізуге бағытталған. Кәсіптік бағдарлаудың тағы бір мақсаты халықаралық басты жоғары оқу орындарымен қарым-қатынас жасау және қажетті уақытқа байланыс ұстау. Мысалы, университетте мамандық бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда шетелдік оқу орнына екі жақтық келісім арқылы түсу мүмкіндігі, кейін қайта қайтып келу немесе қарапайым студенттік алмасу тәжірибесі, екі жақты диплом алу мүмкіндігі және т.б.

Қазіргі таңдағы университеттердің түлектері бәсекелестік алғышарттарымен жұмыс нарығында дайындық нәтижелерінің кешенді көрсеткіштерімен, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру мүмкіндіктерімен, бағдарламалық жүзеге асыруды қамтамасыз етумен, кәсіби таңдау жүргізумен, кәсіби бейімделу мүмкіндіктерімен, студенттердің жеке және кәсіби нәтижелеріне мониторинг жүргізумен сипатталатын жұмыстық және мамандық кәсіби бағытты қалыптастырумен байланысты ортада еріксіз дамып келеді. Бір жағынан ол жастарға ауыр орта, екінші жағынан заман талаптарына сай болу барлық адам баласының басты мақсаты.

Мамандарды арнайы дайындау кезінде белгілі курстарда тәжірибелік ұйымдармен кеңес беру, жұмысқа шақыру, жетекшілік ету немесе түрлі тренингтер өткізу мақсатында кездесулер ұйымдастыру. Сол үшін студенттерді қажетті мөлшерде ақпараттандырып отыру қажет және тиісті мөлшерде қадағалау іс-шараларын жүзеге асыру керек.

Сонымен жоғары оқу орындарындағы кәсіптік бағдарлау жұмыстары жоғары біліктілікті кадрларды білім беру кеңістігінде дайындық сапасын көтеруге мүмкіндік беретін алғышарттардың бірі болғалы.

Жүнісов Ж.С.
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ аға оқытушысы

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құқықтық білім беру саласындағы саясаттың басты мәселелерінің бірі болып тиімді білім беру үдерісінің үлгісін анықтауға мүмкіндік туғызатын құқықтық білім берудің басты бағыттарын анықтау, кешенді білім беру бағдарламаларын жасау, заңнамалық актілерді қабылдау бойынша мемлекет пен қоғамның күш-жігерлерінің біріктірілуі болып табылады.

Құқықтық пәндерді оқытуда бірқатар ерекшеліктердің барын ескеру қажет. Олар:

- заң жүйесіндегі болып тұратын тұрақты өзгерістер;
- ғылыми теория мен тәжірибені, құқықты түсіну мен құқықты қолдануды байланыстыратын оқытудың тиімдірек жаңа нысандары мен әдістерін іздеу, дайындау және енгізу;
- құқықтың басқа қоғамдық құбылыстармен өзара байланысын зерттеудің тарихи және диалектикалық тәсілдемелерін қолдану қажеттілігі;
- құқық және құқықтық құбылыс көрініс табатын болмысқа, өмір ақиқатына тұрақты түрде көңіл аудару.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 21 шілдесіндегі №119 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмеінің жаңа үлгісі Тұжырымдамасымен анықталғандай, оқыту жүйесі мемлекеттік органдардың мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін және тәжірибелік маңыздылығы бар кәсіптік білім мен ептілікті дамытуға бағытталуы керек. Сонымен қатар онда оқу үдерісі сапасын басқару жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметкерлер үшін оқу бағдарламаларына оқытудың инновациялық әдістерін енгізу, оқыту бойынша жұмысты тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету қажеттілігі де көрсетілген.

Білім беру сапасын көтерудің проблемалық сұрақтарының бірі ретінде белсенді оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін, тәсілдерін іздестіру қажеттілігін атап кету керек.

Құқықтық пәндерді оқытудың әдістемесін құру және дамыту үдерісі күрделі, әрі карама-қайшылық тудыруда. Сонғы кездері құқықтық пәндерді оқыту әдістемесіне тікелей қатысы бар алаи ілім саласында айтарлықтай өзгерістер болуда.

Құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі – адамға, оның қоғамдық тұрмыс пен санаға қатысы бар, сонымен қатар білім беру технологиясымен байланысты техникалық сипаттамаларға ие болатын гуманитарлық ғылым саласы.

Құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі басқа да ғылымдар мен оқу пәндерін оқытудың әдістемелерінен алуан түрлілігін анықтайтын өзіндік ерекшеліктерді иеленеді. Олар:

1) оқытудың басқа әдістемелерінен айырмашылығы, зана материалдар мен құқықтық мәліметтерді пайдалану;

2) білім беру құралдары ретінде зана технологияларды (оқу ретінде сот ісін карау, келісөздер жүргізу, делдалдық казустерді карастыру) пайдалану арқылы өзіндік ерекшелікті иелену;

3) басқа ғылымдар карастырмайтын, соның ішінде құқықтық құндылықтарды иелену, қайшылық тудыратын мәселелерді оқу, моральдық дилемалар секілді құқықтық мәселелерді зерттеу.

Құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі зана теорияларды білім беру тәжірибесімен қосатын, құқықтық пәндерді оқыту заңдылықтарын зерттейтін құқықтық білімді, шеберлікті, құндылықтар мен нұсқауларды, мәнді құқықтық тәжірибені беруді тиімді меңгеру бойынша ұсыныстарды жасайтын және жинақтайтын оқу (ғылыми) пәндер болып табылады.

Құқықтық білім берудің басты компоненттерінің бірі оқу үдерісінің тиімділігін анықтауға, оқушылардың педагогикалық есу динамикасын көрсетуге мүмкіндік беретін «бағалау» болып табылады. Бағалау құқықтық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыруға, тыңдаушылардың білімі мен шеберлігін анықтауға, оқыту және тәрбиелеу мақсатына сәйкес онтайлы әдістемелерді алуға, тиімді білім

беру құралдарын анықтауға, тыңдаушылардың оқу қажеттіліктерін болжауға, құқықтық білім берудің мазмұны мен құрылымын түзетуге септігін тигізеді.

Оқыту үдерісін бақылауда келесідей негізгі талаптарды ескеру ұсынылады:

- 1) дара мінез;
- 2) жүйелілік;
- 3) бақылаудың әртүрлі әдістерін, нысандары мен түрлерін пайдалану;
- 4) бақылаудың жан-жақтылығы;
- 5) әділдік;
- 6) сараланған көзқарас;
- 7) барлық оқытушылар талаптарының біртұтастығы.

Құқықтық пәндерді оқыту әдістемелерінің міндеттерінің ішінде келесідей маңызды міндеттерді бөліп көрсету керек:

- құқықтық пәндерді оқытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- құқықтық білім берудің мазмұны мен құрылымын анықтау;
- құқықтық пәндерді оқытудың әдістері мен тәсілдері жүйесін, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың маңызды шарттарын зерттеу;
- құқықтық пәндерді оқыту нәтижелерін зерттеу.

Құқықтық пәндерді оқыту әдістемесінің ең маңызды компоненттері:

- пәнді оңтайландыру, оқытудың мақсаттары мен міндеттерін құру;
- пәнді құрылымдау мен оның мазмұнын іріктеу;
- оқытудың әдістері мен тәсілдерін анықтау;
- бағалау құралдарын анықтау және қолдану;
- оқыту жұмысын жоспарлау болып табылады.

Құқықтық білім берудің тиімділігінің басты шарты - оқытушының кәсіби қызметі болып табылады. Оқытушының басты мақсаты - бұл қазіргі білім беру технологияларын пайдалану арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру, оларды қарқынды оқу үдерісіне тарту болып табылады. Осыған байланысты бірінші кезекте оқу үдерісі кезінде құқыққа қатысты қарама-қайшылық тудыратын қоғамдық мәселелерді көтеру, сонымен қатар тыңдаушының дайындығын тексеру мақсатында қарама-қайшылық тудыратын қоғамдық мәселелерді талқылау керек.

Аталған жағдайда белсенді және интерактивті оқыту әдістемесі басты рөлде болады. Атап кететін жайт, белсенді және интерактивті оқыту әдістемесі оқу құралдарын меңгерудің жоғары сапасын көрсетеді.

Дәл осындай белсенді және интерактивті оқыту әдістемесі тыңдаушылардың оқу барысындағы алатын орны мен роліне, олардың өздеріне сенімділігінің артуына, оқудағы және өмірдегі белсенділіктерінің көтерілуіне, өз ойларын жеткізуге, оқу мақсаттарына ұмтылуына, талпынуы және бейімделуіне септігін тигізеді.

Оқуды, білім алуды жандандырудың қарапайым құралы ретінде тыңдаушымен әңгімелесу немесе диалог құуды атап өтуге болады. Оқытушы ойластырылып қойған сұрақтарды қою арқылы жаңа оқу материалдарын тиімді қабылдау, бекіту немесе ертерек меңгерілген білімді тексеруді ұйымдастыра алады. Аталған әдістеменің негізін тиісті дайындалған сұрақтар көмегімен маңызды тақырыптар мен мәселелерді тыңдаушылармен талқылау құрайды.

Бұл жерде келесі сәттерді, біріншіден, оқытушының дайындық жұмысын, екіншіден, сабақта мүмкіндігінше нақты, анық, түсінікті құрастырылған талқыланатын сұрақтарды ұсынуын, үшіншіден, талқылауды ұйымдастыруды, төртіншіден, қорытынды жасауды ескеру керек.